

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2025 жылдың 29 тамыз күні өткен педагогикалық кеңестің
№1 хаттамасынан көшірме

Төрайымы: А.Базарбаева
Хатшы: Н.Тілләбек

Қатысқаны: 24 мұғалім
Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Мектептің өзін-өзі бағалауды өткізу туралы.

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры А.Базарбаева Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2024 жылғы 24 қазандағы Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылы мемлекеттік аттестаттауға жатататын білім беру ұйымдарының тізімімен таныстырды. Осы бұйрықтарға сәйкес мектептің 2025 жылғы 29 тамыздағы «Мектептің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы» №61 бұйрығы негізінде білім беру қызметтерінің сапасын көтеру бойынша білім беру ұйымының қызметінің тиімділігін әділ талдау және өзіндік бағалау мақсатында мектептің өзін-өзі бағалауы 2025 жылдың 02-30 қыркүйек күндері аралығында жүргізілетінін хабарлады. Сонымен қатар мектептің өзін-өзі бағалауды жүргізуге негіз болатын нормативтік құжаттарды атап өтті.

Мектептің өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу мақсатында құрылған комиссия мүшелерімен таныстырып, құрамын бекітті. Комиссияның өз жұмысын жауапкершілікпен орындау қажеттілігіне, оқу-тәрбие үрдісінде жүргізілетін жұмыстардың мәліметтерімен толық қамтамасыз ету міндетіне тоқталды. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге жол бермеуге әрбір қызметкердің жауапты екендігін ескертті.

2. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аймагова мектепте мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастырып, өткізу бойынша іс-шаралар жоспарымен таныстырды. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары және 2025-2026 оқу жылының қыркүйек айына педагогикалық қызметке, нормативтік-құқықтық, оқу-әдістемелік, тәрбие жұмысының, кадрмен қамтылу тиімділігіне сараптама

жасалатындығын ескертті. Сонымен қатар өзін-өзі бағалау барысында қаралатын бағыттармен таныстырды:

- 1)білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтар;
- 2)оқыту және білім беру;
- 3)білікті қызметкерлердің болуы;
- 4)қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5)білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6)тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Қаулы:

1. «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС-нің өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу нұсқаулығы басшылыққа алынып, орындалсын.
2. Комиссия мүшелеріне 2025 жылдың 30 қыркүйек күніне дейін мектептің оқу-білім беру процесінің талдауы мен өзін-өзі бағалаудың барлық бағыты бойынша пәндік-дамыту ортасының жай-күйі қамтылған қорытынды есебін дайындау міндеттелсін.

Төрайымы:  А.Базарбаева
Хатшы:  С.Тілләбек

